

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

№ 8

Жалалғаш кенті

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»

Өткізілген күні: 28.08.2023 жыл

Сағат: 10-00

Қатысқандар: Комплаенс-офицер Г.С.Байкуатов

Жалағаш ауданы газ шаруашылығы бастығы С.Е. Жанашев және аудан
қызметкерлері

Күн тәртібі

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясының негізгі бағыттары».
Жауапты : Байкуатов Г.С.

Тыңдалды: Комплаенс-офицер Байкуатов Г.С.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам әмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы, бір жағынан, сыбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты.

Әр аудан газ шаруашылығы қызметкерлері білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
 - Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
 - Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
 - Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.
- Жалпы бүгінгі тақырып негізінде, сөзімізді «Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі» деп қорытындыланды.
- Жалағаш аудан газ шаруашылығы ұжымы «Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының міндеттерін толығымен орындау жөнінде міндеттелді.
- Орындау мерзімі: тұрақты.

Комплаенс-офицер



Байкуатов Г.С.

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

№ 9

Тереңөзек кенті

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен қалай күресу туралы қағидалары»

Өткізілген күні: 29.08.2023 жыл

Сағат: 15:00

Қатысқандар: Комплаенс-офицер Г.С.Байкуатов

Сырдария ауданы газ шаруашылығы басшысы Е.Е. Есенгелді және аудан қызметкерлері

Күн тәртібі

1. «Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен қалай күресу туралы қағидалары».

Жауапты : Байкуатов Г.С.

Тыңдалды: Комплаенс-офицер Байкуатов Г.С.

Жемқорлық (лат. Corruptio-сатып алу) - мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайласы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасалған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіретіні туралы айтылып өтті.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, ол әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуді баяулатып, тек өзіне ғана көріністермен және ауқымымен ерекшеленеді. Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган үшін қылмыстық қудалауға қарағанда, сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын айқындау мен жоюға бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу мен қабылдау басымдық болуы тиіс екендігі туралы тоқталынды.

Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселеге айналып жатқанын, әрбір азамат өз құқығын және барлық заңдарды жақсы білу керектігі жайлы айтылды.

Кәсіпорын қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу жұмыстары жалғасу мақсатында әрі қарай жандандырылу жөнінде тапсырылды.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Комплаенс-офицер



Байкуатов Г.С.

«Қызылорда газ тарату жүйесі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған
жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

№ 10

Жосалы кенті

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау»

Өткізілген күні: 31.08.2023 жыл

Сағат: 12-00

Қатысқандар: Комплаенс-офицер Г.С. Байкуатов

Қармақшы ауданы газ шаруашылығы басшысы Е.Т. Мусаев және аудан қызметкерлері

Күн тәртібі

1. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау».

Жауапты : Байкуатов Г.С.

Тыңдалды: Комплаенс-офицер Байкуатов Г.С.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау (ішкі және сыртқы) – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қозғайтын құқықтық және өзге де актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тартуға құқылы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Осы баптың 2-тармағының күші мына салалардағы қатынастарға:

- 1) прокуратура жүзеге асыратын жоғары қадағалауға;
- 2) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуге;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге;
- 4) сот төрелігіне;
- 5) жедел-ізвестіру қызметіне;
- 6) қылмыстық-атқару қызметіне;
- 7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарының сақталуын бақылауға қолданылмайды.

4. Осы баптың 2-тармағының ережелері арнаулы мемлекеттік органдардың қызметіне қолданылмайды.

5. Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік тәртібін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасына кері әсерін тигізіп, үлкен мәселеге айналып жатқанын, әрбір азамат өз құқығын және барлық заңдарды жақсы білу керектігі жайлы айтылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар Кәсіпорынның қызметкерлерімен жұмыла отырып әрі қарай жүргізілетіндігі жөнінде тапсырылды.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Комплаенс-офицер



Байкуатов Г.С.